



*Қазспортинвест» акционерлік  
қоғамы Президентінің  
2023 жылғы «18» 08  
№020 бұйрығына  
Қосымша*

**«Қазспортинвест» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл  
мәселелері бойынша «Сенім телефоны және электрондық поштасы»  
жедел желісінің жұмыс  
ЕРЕЖЕСІ**

**Астана қаласы**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже «Қазспортинвест» АҚ-да (бұдан әрі – Ережелер, Қоғам) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша «Сенім телефоны және электрондық поштасы» жедел желісінің (бұдан әрі – жедел желі) жұмысын ұйымдастыру тәртібін белгілейді.

2. Жедел желінің жұмысы Қоғам қызметкерлерінің қызметіндегі ықтимал сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы әрекет жасау, олардың әрекеттеріндегі мүдделер қайшылығын болдырмау және Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша қызметін жетілдіру үшін ақпарат алып тұру мақсатында ұйымдастырылады.

3. Жедел желі бойынша келесі фактілер туралы ақпарат қабылданады және каралады:

1) Қоғам қызметкерлерінің әрекеттерінде сыбайлас жемқорлық көрінісінің білінуі;

2) Қоғам қызметкерлерінің әрекеттеріндегі мүдделер қайшылығы.

4. Жедел желінің жұмысы келесі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:

1) Азаматтардың Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық көріністері туралы мәлімдемелерін қабылдауды және есепке алуды қамтамасыз ету;

2) Қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша шаралар әзірлеу және қабылдау мақсатында «Сенім телефоны және электрондық поштасы» арқылы келіп түскен мәлімдеушілердің мәлімдемелерін талдау.

5. «Сенім телефоны және электрондық поштасы» жедел желісі «Қазспортинвест» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функциясын атқаратын Қоғам менеджеріне бекітілген.

## 2-тарау. Жедел желінің жұмыс тәртібі

6. Жедел желінің жұмысы үшін +7 747-280-57-82 нөмірлі телефон байланысы және [compliance@wng.kz](mailto:compliance@wng.kz) электрондық пошта мекенжайы пайдаланылады.

7. Жедел желінің жұмыс тәртібі туралы ақпарат азаматтардың назарына ақпаратты Қоғамның <https://kazsportinvest.kz/> ресми интернет-ресурсында орналастыру арқылы жеткізіледі.

8. Азаматтардың жедел желі арқылы келіп түскен мәлімдемелерін қабылдау жұмыс уақытында: дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін, сағат 13:00-ден 14:00-ге дейінгі түскі үзіліспен, жүзеге асырылады.

9. Жауапты тұлға жедел желіден келіп түскен мәлімдемелерді қабылдауды, тіркеуді және алдын ала өңдеуді демалыс және мереке күндерінен басқа күн сайын жүзеге асырады.

10. Сенім телефоны арқылы келіп түскен мәлімдемелер келіп түскен сәттен бастап, қабылдау уақыты мен мәлімдемелердің қысқаша мазмұны көрсетіле отырып, Жедел желі арқылы келіп түскен мәлімдемелерді тіркеу журналына енгізіледі.

11. Азаматтардың мәлімдемелерін тіркеу журналында келесі бағандар болуы тиіс:

- мәлімдеменің реттік нөмірі;
- мәлімдеменің келіп түскен күні мен уақыты;
- мәлімдеушінің тегі, аты, әкесінің аты және байланыс деректері (кері байланыс үшін);
- мәлімдеменің қысқаша мазмұны;
- мәлімдемені қарауға қабылдаған қызметкердің деректері және қарау мерзімі;
- мәлімдемені қарау нәтижелері туралы белгі.

12. Бейесімді мәлімдемелер қарауға жатпайды. Мұндай мәлімдеме дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы, не мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздікке төнген қатер туралы мәліметтер болған жағдайда, олар дереу өздерінің құзыретіне сәйкес мемлекеттік органдарға жіберіледі.

13. Мәлімдемеде Қоғамның қызметіне жатпайтын мәселелер болған жағдайда, жауапты тұлға мәлімдеушіге оның ақпаратындағы мәселелерді шешу құзыретіне кіретін субъектіге қатысты өзіне белгілі ақпаратты береді.

14. Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы мағлұматтар бар мәлімдемелер сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі өкілетті органға жіберіледі.

15. Телефон қоңырауларына жауап берген кезде сенім телефонының жұмысын ұйымдастыруға жауапты қызметкер:

- тегін, атын, әкесінің атын атауға;
- осы Ереженің 12-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, азаматқа оған жауап жіберу үшін өзінің тегін, атын, әкесінің атын, пошталық мекенжайын, байланыс телефон нөмірін айтуды ұсынуға және оған жасырын өтініштер қаралмайтынын хабарлауға;
- азаматқа мәселенің мәнін баяндауды ұсынуға;
- егер азаматтың мәлімдемесі Қоғамның құзыретіне кірмейтін болса, қоңырау шалушыға өзінің мәлімдемесіндегі мәліметтердің мәні бойынша қайда жүгіну керектігін түсіндіруге міндетті.

16. Мәлімдемеге жауап мәлімдеушінің қалауына қарай мемлекеттік немесе орыс тілінде беріледі.

---